

Ленин жұл

Ол Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Кеңесінің және ҚК(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

Шығуына
26-шы жыл
№ 232
(6933)
1944 жыл
Сәрсенбі
22 ноябрь
Жеке саны
20 тыйын

Біздің жұмысшы табы өзінің сарыны күшін жеңіс ісі жолына жұмсауда, өндіріс техникасын үздіксіз жақсартып, өнер кәсіп орындарының қуатын арттыруда, жаңа фабрикалар мен заводтар салуда. Советтер Одағының жұмысшы табы бұл соғыста асқан еңбек ерлігін көрсетті.

И. СТАЛИН.

Ленін жұлдың өндіріс жоспары мұлтіксіз орындалсын

Мемлекеттік Қорғау Комитетінің Председателі Сталин жолдастың Ұлы Октябрь аустік Революциясының даңқты 27 ығы туралы тарихи баяндамасы мен ағы бүкіл совет халқын отан соғысы андарында және тылда жаңа ұлы жерге жетуге жігерлендірді. Кеменгер иннің халқымыздың қаһарман халық і орынды даңққа ие болғандығы, соғылы еңбекшілерінің Гитлер Германия н және оның сыбайластарымен жекпе- күресте жауды экономикалық жақтан п шыққандығы туралы дауыспандық халқымызға жаңа күш-қайрат беріп, нды Қызыл Армиямыздың Германия- біржолата талқандауы ісіне еселеп кө есу жолындағы жігерін арттыра түс-

азір бүкіл еліміздің жер-жерлерінде, ішінде облысымыздың колхозды ауыл елаларында, өнер кәсіп орындары мекемелерінде, МТСтары мен совхоз- ында Сталин жолдастың тарихи баян- асы мен бұйрығын талқылау ісі жүргі- і жатыр. Еңбекшілер көсемінің баянда ын зор ықласпен талқылай отырып, ең майданында жаңа ерлік істер істеуде. р майдан мен елімізге азық-түлікті, ркәсіпке шикізатты неғұрлым мол беру- Ауыл шаруашылығында және өнеркәсі- де жылдық жоспарды мерзімінен бұрын ындауға, халық шаруашылығының қап- саласында болсын еңбек өнімін артты беруіне міндеттенді.

Кеменгер Сталин жолдастың баяндама- және бұйрығымен жігерленген облыс еңбекшілері өздерінің берген сертін мінсіз ыдау үшін күш жұмсауда. Бұл жөнінде ркәсіп орындарының коллективтері де арлықтай табысқа жетті. Петропавл қа ындағы қолөнершілер артельдерінің бір прасы айлық жоспарды үнемі артығымен ындап, жылдық тапсырманы аяқтауға ықтады. Малахов жолдас директор бо- і істейтін заводтың коллективі ноябрь- і бірінші жарты айлық жоспарын елеуір ғығымен орындап, ауыл шаруашылығы ын жоспардан тыс 6000 сомның қосал- і бөлшектерін өндірді. Бірсыпра кәсіп ындары және темір жол торабының же- бөлімдері қысқы маусымда жұмыс істеу үлгілі әзірленді.

Дегенмен кәсіп орындарының жұмысы- і кемшілік әлі де жоқ емес. Кейбір көп орындарында еңбек өнімі тиісті дәреже і болмай отыр. Социалистік жарыс шын ынінде өрістетілмей келеді. Сондықтан ұмыстағы бұл елеулі кемшілікті дереу тою үшін барлық күш жұмсалуда тиіс.

Газетіміздің бүгінгі санында Магнитогор ьен Кузнецкінің Сталин атындағы Ленин рденді металлургия комбинаттары қызмет ерлерінің үндеуі жарияланып отыр. Олар советтер Одағының өнер кәсібі мен транс ортының барлық жұмысшыларын, қызмет ілерін, инженерлері мен техниктерін бы- ылғы жылдың өндіріс жоспарын мерзімі- ен бұрын орындау, 1944—1945 жылдар- ың қысқы маусымында үлгілі жұмыс іе- су жөнінде Бүкілодақтық социалистік қарысты өрістетуге шақырады.

Магнитогор және Кузнецкі комбинатта- ы коллективінің үндеуіне үн қосып, ең- ек өнімін еселеп арттыру, сөйтіп жылдық ьндіріс жоспарын мерзімінен бұрын мұлтік із орындау—өнеркәсіп пен транспорт орын- ьлары қызметкерлерінің ардақты борышы.

Қызыл Армияның фашист аюанды оның өз үңгірінде біржолата құртып, Берлин үстінде жеңіс туын тігуіне көмектесейік!

Магнитогордың Сталин атындағы Ленин орденді металлургия комбинаты мен Кузнецкінің Сталин атындағы Ленин орденді комбинаты қызметкерлерінің

Советтер Одағының өнеркәсібі мен транспортының барлық жұмысшыларына, қызметшілеріне, инженерлері мен техниктеріне үндеуі

Қымбатты жолдастар!

Бүкіл еліміз кеменгер көсеміміз және дауыспанды қолбасшымыз Сталин жолдас- тың Ұлы Октябрь Социалистік Революция сының 27 жылдығы туралы тарихи баянда масын зор ықласпен тындады. Бізде мере- ке күші туды. Қызыл Армия туған жеріміз ді көміс басқыншылардан азат етті. Кемен- гер Сталиннің: «Жеріміз қазірден бастап және біржолата гитлершіл арамзалардан азат етілді» деген сөздері мақтанышпен естіледі.

Халқымыздың майданда және тылда қол жеткен даңқты жеңістерінің қорытынды- лары еңбекшілердің жүрегін аса ұлы қуа- нышқа бөледі. Совет тылының жұмысына Сталин жолдастың жоғары баға беруі біз- дің жігерімізге жаңа жігер қосып, жаңа еңбек ерліктеріне рухтандырды.

Қазір, Қызыл Армиямыз фашист аюан-

ның үңгіріне шешуші шабуыл жасауға жо не жауға жаңадан қайрата соққы беруге әзірленіп жатқан кезде, Гитлер Германия- сын қысқа мерзім ішінде талқандау үшін бүкіл совет халқы әскерлеріміздің қауырт тегеуірініне көмектесуге тиіс.

Қызыл Армияның алдында одақтастары- мыздың армияларымен бірлесе отырып, фа- шиет аюанды оның өз үңгірінде біржолата құрту және Берлин үстінде жеңіс туын тігу міндеті тұр. Бұл үшін біз еселеп күш жұмсап, қиыншылықтарды жеңуге, сөй- тіп толық және түпкілікті жеңіске жету үшін майданға не керектің бәрін беруге міндеттіміз.

Кеменгер Сталиннің баяндамасы және бұйрығымен рухтанған біз, металлургтер өзіміздің Отан мен Қызыл Армия алдында- ғы борышымызды жете ұғынып, мынадай социалистік міндеттемелер аламыз:

Магнитогордың Сталин атындағы комбинаты:

1. 1944 жылдың жоспарын мерзімінен бұрын орындап, темір кені өнімін өткен жылдарға қарағанда 690 мың тонна, көке өндіруді 600 мың тонна, шойын қорытуды 460 мың тонна, болатты 450 мың тонна, прокат өндіруді 340 мың тонна арттыра- мыз.

Кузнецкінің Сталин атындағы комбинаты:

1. Шойын қорытудың жылдық жоспа- рын 17 декабрьде, болат қорытуды—20 де- кабрьде, прокат өндіру жоспарын—27 но- вбрьде орындаймыз.

2. Қосымша үнемдеу есебінен быылғы жылы жоспардан тыс көлемде 60 миллион сомның қорын береміз.

3. Еңбек өнімін арттыру жоспарын 5 процент артығымен орындаймыз.

4. Соғыс өнеркәсібінің барлық тапсырма- тарының дер кезінде орындалуын қамтама- сыз етіп, жоғары сапалы металл береміз.

Осындай социалистік міндеттемелер қа- былдай отырып, біз Советтер Одағының өнеркәсібі мен транспортының барлық жұ- мысшыларын, қызметшілердің инженерлері мен техниктерін өзімізден үлгі алып, жыл- дық жоспарды мерзімінен бұрын орындау, 1944—1945 жылдардың қысында үлгілі жұмыс істеу жөнінде Бүкілодақтық соци- алистік жарысты өрістетуге шақырамыз.

Соғыс өнеркәсібінің қызметкерлері—танк, самолет, зеңбірек, миномет жасаушылар, ок-дәрі заводтарының қызметкерлері! Қы- зыл Армияға қару-жарақ пен ок-дәріні көп берейік.

Шахтерлер, мұнайшылар, электрілері! Кара металлургия мен соғыс шаруашылы-

2. Жоспардан тыс 40 миллион сомның қорын береміз.

3. Соғыс өнеркәсібінің барлық тапсыр- масын толық орындауды қамтамасыз етіп, жоғары сапалы металл береміз.

ғының барлық салаларының бірқалыпты жұмыс істеуі сіздерге байланысты. Көмір ді, мұнайды, бензинді еселеп көп беріңдер, электр қуатын арттыра беріңдер.

Теміржолшылар! Соғыс және халық ша- руашылық жүгін, металлургия мен өнер- кәсіптің басқа салаларына шикізат пен отынды үздіксіз, тез жеткізіндер.

Біз өнеркәсіп пен транспорттың барлық салаларының қызметкерлерін, майдан мен халықты жабдықтаушы қызметкерлердің бәрін, шешуші жеңістер жылы—1944 жыл- ды—жаңа өндірістік табыстармен аяқтауға шақырамыз.

Большевиктік партияның басшылығы ар- қасында, кеменгер Сталиннің бастауымен жауды толық жеңу үшін алға басайық!

Батыр Қызыл Армиямыз жасаеын!

Жоғарғы Бас қолбасшы Советтер Ода- ғының Маршалы Сталин жолдас жасаеын!

Бұл үндеу Магнитогордың Сталин атындағы Ленин орденді металлургия комбинаты мен Кузнецкінің Сталин атындағы Ленин орденді металлургия комбинаты жұмысшыларының, инже- нер-техник қызметкерлері мен қызмет- шілерінің жыйылыстарында талқыла- нып, қабылданды.

ВАГОНШЫЛАРДЫҢ ТАБЫСЫ

Мемлекеттік Қорғау Комитетінің Пред- седателі Сталин жолдастың Ұлы Октябрь мерекесінің 27 жылдығы туралы баяндама- сын тындап, Петропавл вагон уча- кесінің жұмысшылары мен қызметкерлері зор өндірістік қарқын туғызды. Көсе- мнің баяндамасы мен бұйрығын оқы- ғаннан кейін жұмысшылар еңбек өнімін арт тыра түсті. Сөйтіп олар ноябрь айының өндірістік жоспарын мерзімінен бұрын орындауға міндеттенді.

Жұмысшылар бұл сертін аброймен оры- дауда. Олар ноябрь айының 15 күндік өн- дірістік жоспарын толық орындап, жоспар- дан тыс 7 вагон жөндеп шығарды.

Шабуылдағы Қызыл Армияның жеңісте- ріне іспен жауап беру жолындағы соци- алистік жарысқа жөндеу цехының коллек- тиві бірінші болып, қосылды. Осы цехтың бас шебері Мотягин жолдас коллектив ара сында социалистік жарысты ұйымдастыра білді. Мұнда жұмыс мөлшерін орындамай- тын бірде-бір жұмысшы жоқ.

Бұл цехтан көмекші цехтың жұмысшыла- ры да қалысатын емес. Цех- коллективі батыр Қызыл Армияның Берлин үстінде же- ніс туын тігетін салтанатты күнді жақын- датуда мол үлес қосуға міндеттенген еді. Жұмысшылар бұл міндеттемелерін іс жүзі- де орындау үшін өндірісте жан аямай жұ- мыс істеп, жаңа табыстарға не болуда. Цех шебері Петров жолдас еңбек үлгісін көрсетуде. Ол вагондардың бөлшектерін жөндеуде күн сайын 3 мөлшер орындап жүр. Слесарь Проскурина жолдас вагон- дардың запас бөлшектерін дайындауда жұ- мыс тапсырмасын 230 процент орындайды. Поездарды техникалық жағынан байқау орнының шебері Киреев жолдас басқарған парк ноябрь айының 15 күндік өндірістік жоспарын 120 процент орындап, бірінші орынға не болды. Бұл паркте 20 лунинші мен 12 үшжүзіші бар. Социалистік жарыс- та Смородина жолдас басқарған бригада мүшелері поездың техникалық жағынан байқау ісін жақсы ұйымдастырды. Сөйтіп поездардың тормоздарын сапалы түрде жөндеп, тапсырманы әрдайым артығымен орындап келеді.

Вагон учаскесінің жұмысшылары арасы- да үгіт-көпшілік жұмыс анағұрлым жақ- сартылып, социалистік жарыс күн сайын өрістеуде. Соның нәтижесінде мұнда ста- хановшылар мен луниншілер қатары өсті. Қазірде жұмысшылардың 35 проценті ста- хановшылар.

Е. МАЛАЕВ.

СОЦИАЛИСТІК ЖАРЫС КЕҢІНЕН ӨРІСТЕУДЕ

Петропавл станциясындағы вагон жөн- деушілер арасында социалистік жарыс күшті қарқынмен өріс алды. Социалистік жарыста Иевлева жолдас басқарған меха- ник цехы алда келеді.

Токарь Печорин жолдас еңбек өнімін барған сайын арттыруда. Ол үстіміздегі айдың онкүндік тапсырмасын 674 процент орындады. Слесарь Коркин және токарь Прокудин жолдастар да қажірлі жұмыс істеп вагон жөндеушілер арасында зор бе- делге не болды.

Жүк вагондарын жөндеуші цех коллек- тиві өндірістің зор өрлеумен жұмыс істеу- де. Олар ноябрь айының алғашқы онкүн- дік тапсырмасын екі есе орындап тама- ша табысқа не болды.

Совет Хабаршы бюросынан 20 НОЯБРЬДЕГІ УРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

20 ноябрьде Венгрияда әскерлеріміз бірнеше елді жерлерді, оның ішінде ЧАНАЛОШ, ГЕСТЕЛЬ, СИРМА, ЧАБА, ТИОШ-ДЬЕР, ОШТАРОШ, ЕГЕР-САЛОК, ДЕМБЕН, ДЕМОСЛО, МАРКАЧ, ВИШОНТАН кыстақтары мен ТИШ-ТАДИЯ темір жол станциясын ұрыспен алды.

Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді және бірсыпыра жерлерде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды.

19 ноябрьде әскерлеріміз немістердің 25 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен душпанның 25 самолёті атып түсірілді.

* * *

Венгрияда Н. құрамасының бөлімдері қатты ұрыстар нәтижесінде Чава селосын алды. Бұдан кейін жауынгерлеріміз орағын әдіс жасап, басқа да бірнеше елді жерлерді алды. Дьендеш қаласының шығыс жағында кескілескен ұрыстар болды. Душпанның жаяу әскерлері мен танктерінің ірі жүштері бірінен соң бірі 5 рет қарсы атака жасады. Совет әскерлері душпанды әлсіретіп, оған қатты соққы берді, сөйтіп гитлершілдерді қуып тастады. Душпан 600 солдатты мен офицерінен өлідей айырылды. Артиллерияшыларымыз бен бронь бұзушыларымыз немістердің 20 танкі мен өздігі мен жүретін зеңбірегін өртеді, қыйратты. Жаудан олжа және немістер мен венгрлердің 460 солдатты мен офицері қолға түсірілді.

* * *

Ирлгава (Митава) қаласының оңтүстік-батыс жағында бөлімшелеріміз бірсыпыра учаскелерде ұрыспен барлау жүргізді. Совет жаяу әскерлері жауға қарсы нәсерлетіп оқ жаудырып, душпанға шабуыл жасады. Қолма-қол ұрыс нәтижесінде бөлімшелеріміз немістерді кері қуып тастап, олардың шептерін алды. Душпан жаяу әскерлері мен танктерінің едәуір күшін қарсы атакаға шығарды. Бөлімшелеріміз немістердің барлық қарсы атакаларын тойтарып, оларды орасан көп шығынға ұшыратты.

* * *

Остроленка қаласының оңтүстік-батыс жағында душпанның отрядтары күннің тұман болуын пайдаланып, барлау жүргізуге тырысты. Күзет тосқауылдарымыз гитлершілдерді дер кезінде байқап, оларға мылтықтар мен пүлеметтерден оқ жаудырды, сөйтіп оларды тозғындатты. Мина қойылған алаңдардағы өткелдерді қорғап тұрған қызылфлотшылар Чистяков және Гордеев жолдастар немістердің 2 барлаушысын қолға түсіріп, оларды штабқа алып келді.

* * *

Қызылтулы Балтық флотының авиациясы Балтық теңізінде немістердің 6 мың тонналық транспортын, душпанның 2 күзет кемесі мен тез жүзетін 2 десант баржасын суға батырды.

Таңдаулы малшыларға сыйлық берілді

Приешім ауданындағы Қызыл әскер қой совхозының мал өсірушілері мал басын өсіру және оның өнімін арттыру жолында зор табыстарға ие болды. Сауыншы Дедикина жолдас сүт сауудың жылдық жоспарын қазірдің өзінде 110 процент орындады.

Шопан А. Байбөрин, К. Мұқанов және С. Жапаров жолдастар қой басын өсіруде үздік шықты. Бұлар қарауындағы қойлар-

ды мәпелеп күтумен бірге, қыс маусымына үлгілі әзірлікпен кірісті. Малшы Носов Қазиев, Назаров жолдастар да мал шаруашылығында жан аямай еңбек істеді.

Совхоз басшылары совхоздың бұл таңдаулы мал өсірушілеріне Октябрьдің 27 жылдығына арналған кеште бағалы сыйлықтар тапсырды.

Е. БИМЕНДЕ.

Комсомолецтер 800 центнер пішен тасыды

«Путь Ильича» ауыл шаруашылық арте-лі Соколов ауданында бірінші болып, мал қыстатуға толық әзірленгендігі жөнінде аттестат алды. Мал қыстатуға әзірленуде Жолудев жолдас басқарған мал өсірушілер зор жұмыстар атқарды. Олар мал қораларын өз күштерімен жөндеді. Бұл жұмысқа әсіресе сауыншы Дружинина, Жидеева, Жолудева және М. Дружинина жолдастар белсене қатынасты.

Қыстауларға мал азығын тасуда комсомолецтер мал өсірушілерге қол қабыс тигізді. Олар күндіз басқа жұмыстар істесе, түнде қыстауларға мал азығын жеткіз-

ді. Колхоз кілтшісі Лоскутова, тракторшы Мальцева, Сахаров, жанар май тасушы Елисеев жолдастар қыстауларға мал азығын тасуда қажірлі еңбек істеді. Сөйтіп, олар мал қоралары жанына 800 центнер пішен тасыды. Қазір Елисеев жолдастың басқаруымен олар даладағы қалған мал азықтарын тасып жатыр. Колхоз басқармасы мал азығын тасуға 7 ат-арба бөлді.

Жастар кеменгер көсеміміз Сталин жолдастың шақыруына жауап ретінде, пішен тасу тапсырмаларын мұлтіксіз орындап келеді.

Е. ЧЕПУРНОВА.

ЖЕҢІС ҚОРЫНА ЖЕКЕ МЕНШІКТЕН АСТЫҢ ТАПСЫРУ—ИГІЛІКТІ ІС

КОЛХОЗШЫ ШАРУАЛАРДЫҢ ОТАНШЫЛДЫҒЫ

Совет ауданындағы «Үш қызыл» ауыл шаруашылық артелінің мүшелері быйыл еліміз бен майдан алдындағы борыштарын аброймен өтеп, батыр Қызыл Армияға есе лей-мол астық берді. Мемлекетке жоспар бойынша 1258 центнер орнына, 1458 центнер астық тапсырды.

Колхозшы шаруалар мемлекетке астық тапсыру және Қызыл Армия қорына мол астық беру жолында социалистік жарысты өрістетуге жөніндегі Кеңестік Украина колхозшыларының игілікті бастамасын қызу қолдап, Қызыл Армия қорына өз меншігінен 1800 пұт астық тапсырды.

Кеменгер көсеміміз Сталин жолдастың 27 жылдығы туралы тарихи баяндамасы колхозшыларды батыр Қызыл Армия үшін еселеп мол астық беруге жігерлендірді. Олар астық тапсыру жөніндегі алғашқы табыстарымен тынбай, Қызыл Армия қорына жеке меншіктерінен астық тапсыру ісін пәрменімен өрістетті. Сөйтіп Қызыл Армияның жеңіс қорына бір күн ішінде 600 пұт астық берді.

Қызыл Армия қорына жеке меншіктен астық тапсыруда колхоз председатели Мәдина Естаева жолдас тамаша ұйымдастырушылық қабілет көрсетті. Ол өз меншігінен 30 пұт астық тапсырып, колхозшыларды өзінен үлгі алуға шақырды.

Колхозшылар Естаева жолдастың үлгісін зор ықласпен қолдады. Жеңіс қорына колхозшылар Тілеужанов, Найзабеков және Исатов жолдастардың әр қайсысы 25 пұттан астық берді. Екі майданшының әкесі Т. Қонақпаев қарт жеңіс қорына 20 пұт астық тапсырып, былай деді:

—Сталин жолдас өзінің тарихи баяндамасында ел еңбекшілерінің жанқиярлық еңбегіне зор баға берді. Көсеміміздің бұл мақтауына бізде ортақпыз. Алайда, мұнымен тынуға болмайды. Қызыл Армия жауынгерлері Берлин үстіне жеңіс туын тігетін күнді тездету үшін батырларға үздіксіз көмектесуіміз керек. Сондықтан да еңбегімізмен тапқан астығымыздың 20 пұтын жеңіс қорына беремін.

Колхозды ауылдың стахановшысы Күлшат Қабдуллина жолдас жеңіс қорына 20 пұт, майданшының әйелі Разия Әмірқанова 10 пұт және колхозшы Құсайын Балтабаев жолдас 10 пұт астық тапсырып, басқа колхозшыларға үлгі көрсетті.

«Үш қызыл» колхозының колхозшылары батыр Қызыл Армияның сарқылмас қорын молайтуға осылай көмектесуде.

Е. ЖАҚЫПОВ,

ҚК(б)П аудандық комитетінің кадр жөніндегі секретарі.

Е. ГАЕВ,

ҚК(б)П обкомінің нұсқаушысы.

Тракторшылардың жеңіс қорына бергені

Ленин ауданындағы «Образцовый» машина-трактор станциясының тракторшылары Киров атындағы колхоз мүшелерінің үлгісі бойынша, Қызыл Армия қорына өз меншіктерінен астықты көптеп тапсыруда. Тракторшы Василий Смыслов жолдас жеңіс қорына 9 пұт, трактор отрядының бригадирі А. Деревянкин жолдас 6 пұт астық берді.

Трактор отрядының бригадирлері Власов және Убыкин жолдастардың әр қайсысы жеңіс қорына 4 пұт астық тапсырып, қарамағындағы тракторшыларға өнеге көрсетті. Бұлардан трактор отрядының есепшісі М. Мецукова жолдас та қалысқан жоқ. Ол Қызыл Армияның жеңіс қорына 4 пұт астық тапсырды.

Р. САПАРОВ.

Бір күнде 10.000 пұт астық тапсырылды

ПРЕСНОВКА. (Өз тілшімізден). Аудан колхозшылары кеменгер көсеміміз Сталин жолдастың шақыруына жауап ретінде жуырда қызыл керуен ұйымдастырды. Қызыл керуенге 400ден аса ат-арба қатыстырылды. Олармен дайындау орындарына бір күнде 10 мың пұт сапалы астық кеткізілді.

Қызыл керуен ұйымдастыруда әсіресе Баян МТСның қамтуындағы колхоздар үздік шықты. «Баян», «Тауағаш», «Сарман», «Үлгі» және «Жизнь» колхоздары әр қайсысы бір күнде дайындау орындарына 200—300 пұт астық тапсырды.

Б. ЕЛЕУСІЗОВ.

ҚЫЗЫЛТУЛЫ ОТРЯД

Мемлекетке астық тасу жұмысында Мамлют автомобиль отрядының коллективі зор табысқа ие болды. Мұнда астық тасудың Октябрь айындағы тапсырмасы тонна есебімен 118,1 процент, ал тонна—километр есебімен 133,1 процент орындалды. Мұнымен бірге 1000 килограмм бензин үнемделді.

Астық тасуда қол жеткен бұл табыстар үшін, автомобиль отрядына облыстық совет атқомі мен ҚК(б)П обкомінің ауыспалы Қызыл туы тасырылып, 3 мың сом мөлшерде ақшадай сыйлық берілді.

Автомобиль отрядының басшылары мен шоферлері, механиктері де бағалы сыйлықтар алды. Отряд бастығы Варвара Рассохина жолдасқа сыйлыққа былғары дапты, техникалық жетекші Иван Вершинин жолдасқа қысқы киім берілді. Отрядтың диспетчері Мешкарева, шоферлары Дютин, Бруханова, Бударин, Кондаков жолдастар да бағалы сыйлықтар алды.

Отряд коллективі табысты баянды етіп, астық тасу жөніндегі тапсырмаларды келешекте де мұлтіксіз орындап отыруға міндеттенді.

Т. ЖЕТПІСБАЕВ.

КӨКТЕМГЕ ӘЗІРЛЕНЕ БАСТАДЫ

Булаев ауданындағы «Комсомол» колхозы (председатели Шәріпов жолдас) аудандағы алдыңғы қатарлы колхоздың бірі. Мұнда үстіміздегі жылдың ауыл шаруашылық жұмыстары ойдағыдай аяқталды. Мемлекет алдындағы міндетті борыштар мерзімінен бұрын мұлтіксіз орындалды.

Қазір колхозшылар қыс маусымына кі-

рісті. Олар келесі жылдың көктем егісіне осы бастан тығымдықты әзірлене бастады. Қазірдің өзінде 200 гектар алаңға қар тоқтататын қалқандар жасалды.

Колхозшылар кеменгер көсеміміздің тарихи баяндамасы мен бұйрығына жауап ретінде еңбек аяғын күн санап арттыруда.

Қ. ЖАПАРОВ.

ЫС ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛЫ МЫСАЛШЫ АҚЫНЫ И. А. КРЫЛОВ

И. А. Крыловтың қайтыс болғанына кеше 100 жыл толды

И. А. КРЫЛОВ

ІЛДІҢ ОҚЫЙҒАСЫ

үні арыстанға барыпты піл,
тте-ақ бар орманға біткендей тіл,
иды біреу олай, біреу былай:
«Екен не мақсатпен, бұл жұмбақ
сыр.
ылық пілде түр жоқ, құбыжық та
емес.

ірақ арыстанға бекер келмес,
ақ аң отыра қап ойласуға,
иды қапелімде үлкен кеңес.
езде» деп, бастады түнкі мұндар:
ыпты пілдің де әсем күйрығы бар,
білген қызыма, әлде қарындасы...
ін ол соны тілей келген шығар». —
ін ол келген болар тырнақ тілеп,
та тырнақсыз-ақ әркім білед...
бір азуына зақым ттіп,
і ме, деп, аю да қойды тіреп.
рдан қалмай сөзге кірісті өгіз:
ікін ол мүйіз сұрай келген деңіз»
қ бәрің таппадыңдар,» депті де есек
дандар, таптым, сендер білмесеңіз,
е ол келген болар құлақ сұрай...»
е қысқартылды болып солай.

РТАННЫҢ ШОРШУЫ

нен бай мен қазы, зорлықшылдың
ейіп шағым- арыз, осы сырдың
ырын өзі ашуға шықса арыстан,
еген қарауында бар өңірдің.
болды қарашекпен жаңа от жаққан,
ға шортанды ұстап салып жатқан,
атпай шоқ қыздырып, шортан шор
шып,
ынып күйрық, басы қайқаң қаққан.
ісің сен?—тұрды арыстан,—мұның
не?—Деп
шаһім!—деп алды да, шал ентелеп:
арты едім су бойында өскен халық-
тың,
ынау жатқан шортан, сізге ерке-
леп—
ғы ед судағы өскен жәндіктердің,
іп хабарыңды сіздің келген,
тықтап басын иіп шоршып жатыр,
пасын қуаныш боп көзбен көрген.
«Үйлі ме, жайы қалай бұл өлкенің»
— тақсыр түк мұны жоқ еш пенде-
нің,—
рден тілегіміз ертелі—кеш,
інді ұзақ етсін, дейміз сенің».
ыдамай тағы ыршынып шоршып)
істан аң-таң қалып ойы толқып,
ады: «қайқаң қағып, басын ұрып
ыр деп бұл шортаның неден қор-
қып».
шаһім, сезік алма шоршығаннан,
ршыйды ол сіз келгенге қуанғаннан,
стан мез болды да бұл хұрметке,
ырқап тұрып-тұрып, кетіпті әрмән.

Й МЕН ТЫШҚАН

сатып мықты қойма, сұм бай бір күн,
йналып жеуге жарар барлық мүлкін,
иқаннан титтей залал тиместей ғып,
сықтан жендет қойды дүркін-дүркін,
иқаннан байға хауіп жоқтай болды,
етні күні-түні бірдей шолды,
дерден күн өткенде күзетшінің—
үйі боп сезілді суық қолды...
білген, кім екенін) бұл сұғанақ,
сық та, басқа да ондай болуы хақ,
іме—айыпты кім, тауып соттау,
уға ұрыдан сак, әрі сабақ.
бірақ бай өйтпейді, ашу қысып:
рылсын,—деді, кесім—аты мысық,
іп бұл үкімді мысық біткен,
тынан бай үйінің кетті ығысып,
сықсыз қалды сөйтіп ақылсыз бай,
уші ед тышқандар да көптен солай:
ысық жоқ, қоймаға еркін кіріп-шығып,
сады аз-ақ күнде ту-талақай!

ИВАН АНДРЕЕВИЧ КРЫЛОВ

Бүгін ұлы орыс халқының атақты мысалшы ақыны Иван Андреевич Крыловтың қайтыс болғанына 100 жыл. Бүкіл Советтер Одағының халықтары бүгін Иван Андреевич Крыловты хұрметпен еске алады. Дүние жүзіне аты мәлім ардақты жазушылар ішінде Крылов ең сүйікті, ұғымды, көпке жақын ақын болған. Оның жазған мысалдары қай халыққа болса да, сол халықтың өзі тудырғандай әсерлі, жақын, қызықты болған. Крыловтың өмірі мен еңбегін біздің оқушы да жақсы білу керек.

Крылов 1769 жылы туған. Әкесі әкім емес, әкімнің қызметкері ғана болған адам. Баласы Иванның жасы тоғызға жеткен кезінде ол қайтыс болады. Үй-ішіне үлкен қиындық, жоқшылық орнайды. Шешесі шала сауатты еді. Жас бала Иван оқу тәрбиесін ала алмайды. Бір помещиктің балаларына жанасып, сол үйден үзіп-жұлып ғана оқып жүреді.

Тегі дворян болғандықтан 12 жасынан бастап сол кездің заңы бойынша қызмет істейтін болады. Кеңесің қағаз көшірушісі болып істейді. Айналада көргені ақсүйек, төре мен помещиктердің ызғары болып, балалықтың ауыр шағын сол ортаға құл еткен соң, әкім атаулыны жек көріп жүрумен өседі.

Он үш жасында шешесімен бірге Петербургке көшті. Бір жылдан соң ештеңе жазуға айналысып, пьесалар, күлдіргі оперетталар, трагедия, комедиялар жаза бастады. 1787 жылдан бастап оның кейбір шығармалары, әсіресе мысалдары баспаға шыға бастады. Сөйтіп жүріп жыйырма жасқа жеткен соң өзінің жеке журналын шығаратын болды. Журналын «Аруақтар почтасы» (Почта духов) деп атады.

Жазған пьесаларында Крылов помещиктерді, шенді ақ сүйектер тобының азғындығын суреттеді.

Не пұлы, не дәрежесі жоқ, не жуан заңы жоқ жалқы жігіт сол заманның күштілерімен айқаса бастады.

Петербургте патшаның озбырлығына, помещиктердің құлдығына қарсы ұйымдасқан жас жазушылар үйірмелері бар еді. Крылов осы үйірмеге қатысты. Бұл жастардың арасына ардақты Радищев келіп үгіт жүргізетін. Радищев өзгелерден жасы үлкен, аса білімді, саналы адамның бірі еді. Сол жылдарда «Петербургтан Москваға саяхат» деген кітап жазып, патша саясатына қарсы шыққаны үшін Сібір айдалды. Бірақ Крыловтарға үлкен ұстаздық жасап кетті.

«Аруақтар почтасын» Крылов осы кезде шығарып тұрды. Журналда патша үкіметін, оның үлкен төрелерін сынады. Паракор, сот, жағымпаз чиновник, қанаушы помещиктерді мысқылдады.

Бұл журналды үкімет жапқызып тастағаннан кейін Крылов «Зритель» (Көруші) деген екінші журнал шығарады. Бұл журналда өзінің өлең, әңгімелерін жариялайды. Бір тамаша әңгімесі—«Каип» деген еді. «Каипта» шығыс елінің бір патшасын суреттеп, оның өз елінде жұрттың бәрін ауызға ұрып, үндетпей қойған өктемдігін ажуалады. Бұл сыны екінші Екатерина патшаның зорлығын суреттеу еді. Крыловтың замандастарының бәрі де «Каиптың» кім екенін таныды, өз бастарынан кешіп тұрған озбырлық түнегін ұқты.

Патша үкіметі оқыйғалардан сескеніп тұрған кезі еді. 1792 жылдың май айында әйел патшаның бұйрығы бойынша «Зритель» журналының баспаханасына тінту жасап, Крыловтың патшаға қарсы шығармаларын өртейді. Крыловтың Ключин деген жолдасы үкіметтің бұйрығы бойынша Петербургтан қуылып, басқа жаққа жіберіледі. Патша үкіметі Крыловты әдебиеттан шетке қағады.

Осыдан кейін Крылов көпке дейін үкімет көзіне көрінбей шетке кетеді. Өршіл жазушыны өктем зорлық жеңгендей болады. Бұл жылдарда Крыловтың сыртқы тіршілігіне ғана емес, ішкі ой-санасына да өзгеріс кіреді. Жылдар өтті. Патшалар да ауысып жатты. Екатерина өлді. Павел патшада өлді. Александр I-патша болды. Жұрт будан азда болса жеңілдік күтіп еді. Бірақ жеңілдік, кендік дегеннің бәрі бос үміт болды. Атар таң жоқ екенін көріп, айдаудан қайтқан Радищев атылып өлді.

Ұзақ жылдар шет жүріп, 1805 жылы Крылов Петербургқа қайтқанда көп өзгеріп, басқа адам болып келді. Ол жазушылар арасына кірді. Бірақ сырт өмірінде, әдет-машығында саясат адамы емес, құр ғана жалқау, тамақ сау, әншейін бір адам болып көрініп жүрді, өзін солай танытты.

Патша сарайына жақын адамдардың ішінен Крыловты сүйетін адамдар шықты. Оның бірі Олейнин деген суретші, әдебиетші еді. Сондай адамдар арқылы 1812 жылы көпшілік кітапханасына (Ресейдегі ең үлкен кітапхана) қызметке орналасты. Осы орында 29 жыл қызмет етті. Ендігі қалпында ешбір өзгеріс болған жоқ. Тек оқушыға даңқы жайылған жазушылық абройы өсе берді. Олейнин мұны патша сарайына таныс етіп, үкімет пенсиясын алып берді.

Крыловтың шын көңілі неден жиреніп, нені сүйетіндігі өзіне ғана аян еді. Онысы жазған еңбегінен көрініп тұрды. Мысалдарының көбінде Крылов заманнан тысқары отырған жалпы ақылшы ғана болған жоқ, сол заман жайында нелер өткір, ащы мысқыл, ажуа жазып отырды. Мысалдарында патша сарайына сүйікті талай чиновниктерді, нелер мықтыларды, жағымпаз жазушыларды орнынан тұрғысыз етіп мысқылдайды.

«Квартет» деген мысалында тіпті патшаның мемлекеттік кеңесін мазақ етеді. «Мысық пен шортанда» патшаның адмиралы Хлыстовты түйрейді. «Көкек пен қораз» деген мысалында бірін-бірі өлердей жақтайтын көкек пен қоразды айта отырып, сол күндегі екі жағымпаз жазушы—Крек пен Болгарияды мазақ етеді. Бұлардың екеуі де талантсыз жаман жазушы болса да патшаға жағынып, тыңшылық ете жүріп үлкен орынға ие болған. Бұлар Пушкин сыяқты жақсы жазушылардың соңына түсіп, көп қастық жасайды. Крылов олардың осы сыяқты сорақылықтарын көрсетеді.

Кейін I-Николай патша декабристерді қуғындап, қырып-жойғанмен де Крыловқа қысым көрсете алмайды. 1836 жылы Крылов патша сарайында қонақта отырып, «Уәзір» деген мысалын бастыруға патшаның өз аузынан рұхсат алады. Ол мысалы патшаның министрлеріне арналған мысқыл еді.

Крылов ол кездегі үкімет құрлысының жауы, помещиктер, чиновниктер билеген құлдықты тудырып отырған патшалықтың жауы еді. Сондықтан оның барлық мысалдарында үнемі алданған, сатылған, қараңғылыққа қамалған, еріктен айырылған қалың бухараның үні шығып отырады.

Бухара халықтың орыс елінің отаншылдық хаснетін «Қораға кірген қасқыр» деген мысалында суреттейді. Бұл мысалы 1812 жылы Наполеонның Ресейге жасаған шабуылына арналып жазылған. Қораға түскен қасқыры Наполеон.

«Бүркіт пен көр тышқанда» патша мен бухараны мысал етеді. Патшаға уәзірдің тындама, халықтың үнін тында дейді. «Жапырақтар мен тамырларда» ақсүйектер мен шаруалардың күресі бейнеленді.

Тамырлар дегені еңбекші халық, ол қарауында еңбек етіп жатып, құлдық қарамауында қайрат етіп жатыр деп, сол бухараның қасқырға қой баққызғанын айтады. Зорлықшыл, жемқор чиновникке облысты, өлкені билетін қойған патшаны мысқыл етеді.

Міне, мұның бәрі Крыловтың әзізген халыққа дос болғанын көрсетеді. Сонымен қатар, ақ сүйектер мен олардың үстемдігіне өзінің жау болғанын да көрсетеді.

Сырт қарағанда мысалдары жәй ғана аюандар жөніндегі жеңіл әңгіме сыяқты. Ал анықтап, ойланyp қарасаң сол барлық аюандары адамды суреттейді де, сондағы жыртқыш аюандар жауыз әкімдерді суреттейді. Осылардың арасындағы аң патшасы арыстан көбінесе ел-жұртын билей білмейтін, әділеті аз аюан болып көрінеді.

Ол кездер де Крыловты толық ұғынып, орнымен бағалаушылар болды. Крыловты Пушкин сол күнде де жете түсініп, зор бағалаған. «Орыс ақындарының ішіндегі нағыз халықтық ақын, барынша халық ақыны Крылов» деген ол.

Крыловтың мысалдары қазақ халқына да соншалықты ұғымды, жақын, ұнамды мысалдар болып кетті. Өйткені Крылов мұрасы тек ұлы орыс халқы емес, бүкіл өнерлі адам баласына ортақ мұра болатын. Ұлы орыс халқының бүкіл адамзаттың әдебиет қорына қосқан асыл қазналарының ішінде Крылов мысалдарының орны өзгеше. Мұны шығыс елдерінің ішінде ерте ұғынып бағалаған ақынның бірі—данышпан Абай. Ол Крылов шығармаларының хаснетін ерте танып, будан 60 жыл бұрын аударып бастаған. «Есек пен бұлбұл», «Қарға мен түлкі», «Бүркіт пен қарға», «Шырылдауық шегіртке» сыяқты мысалдарын аудару арқылы Абай Крыловты өз халқына танытты.

Абайдан соң революцияның өзіне шейін де Крылов қазақ тіліне көп аударылды. Абай үлгісімен аударған ақындар бірнеше. Олардың кейбірі аудармаларын жаттап, мысалдарының жеке жыйнағын да шығарған. Спендияр Көбеев Крыловтың 44 мысалын аударып, жыйнақ етіп шығарды.

Абайдан бастап бұл күнге дейін қазақ халқы жақсы біліп шын сүйіп отырған Крылов шығармаларын қазақ мектептері де аса зор хұрметпен келеді. Біздің мектептерде, барлық әдебиет кітаптарында Крылов мысалдары көп пайдаланылады. Совет мектебі тәрбиелеген қазақ балаларының шын сүйіп оқыйтын ардақты ақынының бірі—Крылов.

Бірақ Крыловтың барлық шығармасы қазақ тіліне түгелімен аударылған жоқ еді. Осы жылы Крылов мысалдарының жаңадан толық жыйнағы шығады. Бұл жыйнақта бұрынғы олқылықтың бір талайы толықтырылып отыр. Крылов мысалдарының ішіндегі ең бағалы, мағналы дегендерін іріктеп алып, бұрынғы аудармаларын толықтырып, тыңнан да көп мысалдарын аударып, бастырып отырмыз.

Крыловтың қайтыс болғанына жүз жыл толуымен байланысты шығатын осы жыйнаққа мысалдардың көбін жаңадан аударып берген қазақ ақындары А. Тоқмағамбетов, Д. Еркінбеков, Н. Баймұқамбетов, Қ. Сатыбалдин жолдастар. Бұлардың аудармалары бұрынғы ең ірі деген аудармалардың қайсысынан болса да олқы емес. Олар әсіресе дәлдік жағынан, Крылов мысалдарының саясаттық, қоғамдық, идеялық мазмұн-бағаларын толық түсініп, жеткізе айтты беру жағынан бағалы.

Мұқтар ӘУЕЗОВ.

Венгр солдаттары мен венгр халқына венгр армиясы бас штабының бастығы генерал-полковник Янош Верештің үндеуі

(Орыс тіліне венгр тілінен аударылған)

Венгр солдаттары мен венгер халқы!
а-інілер мен апа-қарындасар!
азіргі қиын-қыстау тарихи күндерде
товкалардың және радионның жәрдемі-
і мыналарды Сіздердің естеріңізге сал-
а келеді:

Ал бүкіл өмірім бойына өз халқыма
змет істеп, оның мүддесін қорғадым,
аған қарамастан, опасыз Салашидің пұт-
шіл тобыры, немістердің бұйрығы бойын-
а, мені неміс гестапосына ұстап берді.
ақ, мен регент Хортидің тапсыруы бо-
ына, немістерге және венгр халқына
асыздық істеушілерге қарсы күрес бас-
у үшін қашып шығуды ұйғардым.

Қазіргі уақытта, орыстар мені жылы
збен меймандостықпен қарсы алды. Өз
еген әрекетіме бүтіндей толық жауап-
мын. Егер менің ұлыма және семьямын
шелерінің қайсысына болсын қысым жа-
латын болса, айыпкерлерге назыз қатаң
ара қолданамын.

Регент Хортидің өкмет билігінен бас тар-
уы заңды болып табылмайды, өйткені ол
еміс танктерінің, шүйілгіш бомбашылар-
ын, гестапо мен ССтың қысым жасауымен
кмет басынан кетті. Хорти Венгрияның
анды регенті еді және болмақ. 1944 жыл-
ы 16 октябрьден бастап оның атынан бе-
ілген бұйрықтар мен жарлықтардың бар-
шығы заңсыз болып саналады.

Солдаттар! 1944 жылғы 15 октябрьге де-
йін, өзін гестапо тұтқынға алғанға дейін
іудан былайғы бұйрықтар мен жарлықтар
ы өз атынан беруге сеніп тапсырған Сіз-
дердің Хортиге берген антицыз анық бо-
лып саналады.

Немістер бізді халықтың тілегіне қарсы
қантөгіс соғысқа қиліктірді. Біздің еліміз-
ді немістер Германияны қорғаудың табан
тірейтін шебіне айналдырды. Олар біздің
халық дәулетін жойып, алуға мүмкін бол-
ған мүлктің бәрін өздерінің жүк машина-
ларымен тасып әкетіп жатыр.

Отанымызды сақтап қалу үшін, елімізді

қатал жау—немістерден тазарту үшін және
текке қан төгуден сақтандыру үшін, ре-
гент Хортидің атынан бұйырамын:

1. Барлық әскерлер алдымен өкіл жібе-
ріп, барлық қару-жарағы және киім жаб-
дығымен орыстар жағына шықсын. Бұған
мүмкіншілік болмаған жерде ұсақ топ бо-
лып ұйымдасқан түрде орыстар жағына
шығу ісі ұйымдастырылсын.

2. Будапешті қоршамандар, өйткені ас-
танамыз қырайды, қысқы кезде халық
үйсіз-күйсіз қалады, біздің Дунай арқылы
өтетін тамаша көпірлерімізді немістер тал-
қандап кетеді.

3. Халық өздерін немістер мен Салаши
жендеттерінің айдап әкетуіне мүмкіншілік
бермеуге тиіс. Орыстар алған қалалар мен
селоларда халықтың бұрынғыдай өмір сү-
рін отырғанын, орыстардың оларды ешқан-
дай зиянға ұшыратпайтындығын көрдім.

4. Әскерге шақыру жасындағы адамдар
өздерін немістердің айдап әкетуіне мүмкін-
дік бермесін, өйтпейінше олардан отан айы-
рылып қалады.

5. Полиция мен дін қызметшілері өз
қызметінде қалсын. Оларға ешбір жәбірлік
істелмейді, сөйтіп олар өз міндеттерін ты-
ныштықпен атқара беретін болады.

6. Еврейлерді қудалау ісі дереу тоқта-
тылуға тиіс.

Барлық венгр жұмысшылары мен инже-
нерлерін немістердің фабрикалар мен за-
водтарды жоюына кедергі жасауға шақы-
рамын.

Венгр жер иеленушілерін немістердің
ауыл шаруашылық өнімдерін алып кетуіне
кедергі жасауға, астықты жасырып жер-
ге көмуге, малды орманға айдап әкетуге
шақырамын. Өйтпейінше Венгрияға аштық
төніп тұр.

Регент Хорти басқарған азат, демокра-
тияшыл Венгрия жасасын!

Венгр Армиясы штабының бастығы ге-
нерал-полковник **ВЕРЕШ ЯНОШ**

1944 жылғы 5 ноябрь.

БАТЫС ЕВРОПАДАҒЫ СОҒЫС ҚЫЙМЫЛДАРЫ

ЛОНДОН, 20 ноябрь. (ТАСС). Рейтер
агенттігінің хабары бойынша, одақтастар
дың батыс Европадағы әскерлерінің жо-
ғарғы командованнесі штабының хабарын-
да былай делінген:

Вейло ауданында (оңтүстік шығыс Гол-
ландияда) одақтастар әскерлері Гельден
мен Кессле арасындағы орманды жерлер-
ді дұшпанның тазартты. Барлаушы отряд-
тар Маас өзеніне жетті, Мейердің солтүс-
тік жағында одақтастардың әскер бөлімде-
рі Дерне каналынан өтті. Одақтастардың

әскер бөлімдері тікенек сым бөгеттері мен
мина қойылған алаңдардан өтіп, Эшвейлер
төңірегіне жетті. Одақтастар әскерлері Реа
қаласына жетті. Голттың солтүстік-шығыс
жағында Гамих және Гастернат қалалары
азат етілді.

Бұл ауданда одақтастардың әскер бөлім-
дері едәуір алға басты. Кенигермахерден
солтүстік-шығысқа қарай одақтастар әс-
керлері Ланшторофқа жетіп, Селенген ма-
ңында шекарадан өтті.

БЕЛЬГИЯДАҒЫ ЖАҒДАЙ

ЛОНДОН, 18 ноябрь. (ТАСС). «Ньюс
Кроникл» газетінің тілшісі, Мартоның (ор-
ыштан түскен министр) баспасөз өкіліне
мынаны мәлімдегендігін хабар етті:

«Белгілі соғыс өкмет топтары тарапынан
белгілі бір жағдайсыз көз қарас туында-
ды. Үкмет ең алдымен қарсылық көрсетуші-
лердің көзін жойып, бұдан соң олар
саяси топтарды, оның ішінде біздің тобы-
мызды да ажыратпақшы болады. Біз ком-
мунист партиясына қарсы бұл ашықтан-
ашық науқанға бірлесіп іс етуден бас тарт-
тық. Демани ұлт мүдделеріне саботаж жа-
сау жөнінде соғыс өкмет топтарын айып-
тайды, ал үкмет бұл топтарды опасыздар
қатарына қосуға немкетті қарап отыр».

«Дейли Уоркер» газетінің бас мақала-
сында былай делінген: қарсылық көрсету
қозғалысын жараксыздандыру туралы бұй-
рық беріп, шара қолданған Бельгия үкметі
нің бұл елеулі адымы түбінде хауіпті жағ-
дайға апарып соғуы мүмкін. Қарсылық көр-
сету қозғалысын жараксыздандыру ісі тек
фашизмнің достары мен кертартпадарға
ғана жағдай жасайды, өйткені олардың
опасыз байларды қозғалысқа қатысудан
құтқарып алып, олардың соғыстан бұрын-

ғы ерекше жағдайларын өздеріне әперумен
бірге халықтың қарулы күшін туншықтыр-
ғысы келеді. Бельгия үкметі егер ол одақ-
тастардың шабуыл жасауына белсене жәр-
демдесіп отырған қарсылық көрсету қоз-
ғалысына қарсы шұғыл шаралар қолдану
арқылы одақтастардың тылында әрекет
жасайтын болса, Бельгия үкметінің көп
қателескендігі болады».

«Манчестер гардан» газетінің шолушы-
сы Бельгиядағы саяси дағдарыстың себеп-
терін айта келіп, былай деп жазды:

«Бельгияда қарсылық көрсету қозғалы-
сы мен Бельгияның Лондондағы үкметінің
бірлесіп іс етуі әлсіз және мүлде жеткі-
ліксіз болды. Бельгия үкметі түгелдей өзі-
нің Лондонға келгенінен бері өзін-өзі кон-
сервативтік орнн биықты танытты; ол ел-
дегі саяси ағымдарға аз қатысты және
оны мүлде ескермеді. Еліне қайтып кел-
геннен кейін үкмет саяси міндеттер жайын
да зор қиыншылықтарға кездесті. Бұл
саяси зор жұмыстарға ымырашылдықпен
қарау, әрине, ел ішінде ынтымақ жасау
және қарсылық көрсету күштерін ұлт май-
данына қосу істеріне едәуір көмектескен
болар еді».

Халықтың Голландия үкметіне көз қарасы жайында Америка газеті тілшісінің пікірі

НЬЮ-ЙОРК, 18 ноябрь. (ТАСС). «Нью-
Йорк тайме» газетінің Маастрихтегі (Гол-
ландия) тілшісі мынадай хабар берді: Бұл
ауданның халқы Голландия үкметінің еліне
қайтуына немкетті қарайды. Үкмет жібер-
ген соғыс губернаторы қарсылық көрсету
қозғалысына қатысқан адамдар ұсыған
қала бастықтарын орындарынан түсіріп,
бұл қызметті соғыстан бұрын атқарған,
оның ішінде бұл орында герман оккупа-
циясы кезінде де отырған қала бастықтарын
бұрынғы қызметтеріне тағайындауы
себепті үкметтің әйгілігі кеміп отыр.

Қарсылық көрсету қозғалысына қатысу-
шылар,—деп жазады тілші,—экономика-
лық тұрмысты соғыстан бұрынғыға қара-
ғанда анағұрлым бұхарашылдыққа айнал-
дыруды талап етеді.

Ағылшынның ұлтты қамсыздандыру министрлігін құру туралы заң жобасын бекіту

ЛОНДОН, 18 ноябрь. (ТАСС). Хабаршы
министрліктің хабары бойынша, ағылшын
королі ұлтты қамсыздандыру министр-
лігін құру туралы заңның жобасын бекітті
(алғашқыда бұл министрлікті әлеуметтік
қамсыздандыру министрлігі деп атау ұсы-
нылған болатын).

«Октябрь» кино-театрында
Тек 22-23 ноябрь күндері
«ЯКОВ СВЕРДЛОВ» деген дыбысты
кино көрсетіледі.
Келесі программа

«ДОСТАР»
Ойын кешкі сағат 6—8—10да бастала-
ды. Касса күндізгі сағат 3тен бастап
ашық.
Балалар кешкі сеанстарға жіберілмейді.

Белорустар неміс құлдығынан қайтып келуде

МИНСКІ, 18 ноябрь. (ТАСС). Белорус-
ССРның оккупацияланған жерінде қожа-
лық құрған кезде неміс-фашист басқыншы-
лар он мыңдаған совет азаматтарын құл-
дық жұмысқа зорлықпен айдап әкеткен
болатын. Қазір белорустар өз республика-
сына қайтып келіп жатыр. Соңғы уақыт
Польшаның азат етілген аудандарынан 10
мыңнан аса адам өздерінің үйлеріне қайтып
келді. Бұлардың көпшілігі ашаршылыққа,
зорлық-зомбылыққа, азапқа ұшырап, жапа
жүдеген әйелдер, балалар мен қарттар.

Неміс құлдығынан зиян шеккен халыққа
жергілікті совет өкмет орындары көмек
көрсетіп, оларды тамақпен, киім-кешекпен
және тұрған жеріне келсімен үймен қам-
тамасыз етуде.

Батыс майданда қолға түсірілген алғашқы „фольксштурмшылар“

ЛОНДОН, 20 ноябрь. (ТАСС). Америка-
ның 3-армиясының бөлімдері Батыс май-
данда «Фольксштурмның» бір топ адамда-
рын қолға түсіргендігін Рейтер агенттігі
хабар етті. Бұлар—45—50 жастағы адам-
дар. Майданға жөнелтер алдында олар
қолдарына атыс құралдарын алып, тек ға-
на 8 сағаттық дайындықтан өткен.

Жауапты редактор

Ө. ОСПАНОВ.

«Ударник» кино-театрында
Бүгін және күн сайын
«КЕМПІР ҚОСАҚ» деген дыбысты ки-
но көрсетіледі.
Сеанстар кешкі сағат 6—8—10да бастала-
ды. Касса күндізгі сағат 3тен бастап
ашық.

Облыстық сауда бөлімінің дүкендеріне
күзетшілер КЕРЕК.
Еңбек ақы келісім бойынша. Күзетшілер
киім-кешекпен қамтамасыз етіледі.

Қызыл Армияға көмекті күшейтуде

Малахов жолдас директор болып істей-
тін заводтың жұмысшылары Кеменгер
жөсемізі Сталин жолдастың Октябрьдің
27 жылдық мерекесіне арналған тарихи
баяндамасы мен бұйрығын зор ықласпен
үйренуде.

Сталин жолдастың шақыруымен жігер-
ленген жұмысшылар мен жұмысшы әйел-
дер стахановтық вахтаға тұрып, өндірістік

жоспарды 150—200 процент орындауға мін-
деттенді. Сол сыяқты Пономарева жолдас-
тың бригадасы қажірлі еңбек істеп, тап-
сырманы 400 процентке дейін орындауға
міндеттенді. Қазір бригада мүшелері ша-
буылдағы Қызыл Армияға көмекін бұрын-
ғыдан да өрістетіп, міндеттемелерін іс жү-
зінде орындауда.

Ә. НҰРМАҒАМБЕТОВА.

Колөнер училищесінде

Жақын арада Петропавлдың Знаменский
жолдас директор болып істейтін колөнер
училищесі оқу маусымын бастады. Учи-
лищеде 220 адам оқиды. Оқушылар үшін
жатақүй сапалы ремонтталып, оларға ке-
ректі киім-кешек берілді.

Оқушылар алған білімдерін тәжірибе жү-
зінде үйрену үшін слесарь және токарь
цехтарында ұмыс істейді. Жастарды
мамандыққа үйрету ісінде оқытушылар Ры-
гачева және Иванова жолдастар көрнекті
жұмыстар істеуде.

Комсомол ұйымының секретарі Веробина
жолдас жастар арасында тәлім-тәрбие жұ-
мыстарын ойдағыдай жүргізуде. Веробина
жолдас жастар арасындағы үгіт-көпшілік
жұмыстарын пәрменінше өрістетті. Оқушы-
лар өздерінің бос уақыттарында мәдениет-
ті тынығу үшін қызыл мүйіске жыйналады.
Олар мұнда сырнай тартып, би билейді,
өлең айтады және ойын көреді. Училищеде
көркем өнер үйірмесі де ұйымдастырылған.

Ә. МҰХАМЕДРАХЫМОВА.

ЕКІ УТЫС ТИРАЖЫ

20 ноябрьде Москвада екі утыс тира-
жы: Үшінші Бесжылдық қарызының (1-жы-
лына арналған) 24-тиражы мен Үшінші
Бесжылдық қарызының (2-жылына арнал-
ған) 20-тиражы ойналды.

Үшінші Бесжылдық қарызының (1-жылы-
на арналған) тиражында 76.988.100 сом-
ның 450.500 утысы ойналды. № 59.973-се-
риялы № 0,8 облигацияға қарыздың утпай

қоймайтын барлық 61 жүйесінде, 3.000
сом утыс шықты.

Үшінші бес жылдық қарызының (2-жы-
лына арналған) тиражында 108.380.400
сомның утысы ойналды. № 75.983-сериялы
№ 47 облигацияға қарыздың утпай қоймай-
тын барлық 75 жүйесінде 3.000 сом утыс
шықты. (ТАСС).